


Жоғары оқу орындарында

# Ұстаз білікті болмаса...



**Білім – ақ пен қараны ажыратын, адам баласының көзін ашатын, оған берілген үлкен сый.**  
**Білім – ақыл мен парасаттың белгісі.**

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жағастыратын салауатты, саналы үрпак тәрбиелу. Үрпак тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мөл, мәдени-ғылыми ерісін озық етіп тәрбиелу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті бір тамыз кеңесінде «Еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелу – педагогтардың және ата-аналардың міндеті. Лайықты азамат – бұл ез білімнің Отанымыздың иглігі үшін жұмысайтын адам. Алдыныңда тұрган құбылмалы заманда жастарымыз еңбеккор болмаса, ешқандай бәсекеге түссе алмайтынын төрек түсініү керек» деп айтты.

Әрине, бәсекеге қабілетті елдер көшіне ілесу үшін баланы сауатты, саналы етіп тәрбиелеу қажет. Соған сәйкес ұстаздарға койылар талап үлкен. Сол талаптардың үдесінен шығу үшін оларға талмай ізденіс керек. Шекірттерінің қызыгу-шылығын арттыру, алға жетелеу, танымын кеңейту, олармен етene жұмыс істеу – қай кезде де мұғалімнің негізгі міндеті. Үздік атанған әрбір шекірттің жетістілінде улағатты ұстаздың мандай тери, жылдар бойы етken енбегі бар. Сол енбектің еш кетпегені ол үшін берінен қымбат. Жастардың ғылымды, заманауи технологияны игеріп, функционалды сауаттылығын арттыру үшін тынбай ізденүлөрі – кемел келешектің белгісі.

Қазір ғылым мен технологияның карыштап дамыған кезі. Күн сайын алпауыт елдер тың дүниелер ойлап табады. Осында дамыған мемлекеттермен иყіктіресе қатар тұру үшін бізге де білім мен ғылымды төрек түсінің игеру қажет. Жұырдаған жарияланған Мемлекет басшысының кезекті Жолдауында адами капиталды жаңғырту мәселесінде

алдымен тәрбие мен білім беруді қолға алу көркөтігі баса айтылды. Осы орайда біздөрге артылған сенім мен жауапкершіліктің есептегендегі шын жүрекпен сезінуіміз керек. Ұстазы білікті болмаса шекірттің де сапалы білім алуды өкітілай.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ез мамандығын менгеруде сапалы білім беретін ұстаздар жетерлік. Мұнай-газ ісі кафедрасы ұжымы да елімізде болашақта мұнай және газ ісін менгерген білікті мамандар даярлауға сүбелі үлес қосуда. Студенттер мұнай және газ үнғымаларын бұрғылау технологиясын, мұнай қабаттарының бағасы мен сипаттамасын, үнғымаларын геоизиялық және гидродинамикалық зерттеулерді, мұнай әндіру тәхникасы мен технологиясын, қабаттардың мұнай беруін арттыру әдістерін, сондай-ақ мұнай және газ әндіру процестерін компьютерлік модельдеуді және мұнай-газ инженерия саласында төрек білім мен дағдыларды төрек түсінін менгереді.

Біздің тулектер Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де мұнай-газ әндіруші компаниялар, ғылыми-зерттеу және жобалау институттары үшін сервистік қызмет көрсету саласында жоғары ақы төлөнетін жұмыс алу мүмкіндігіне ие болады.

Сапалы білім беру, саналы үрпак тәрбиелеу үрдісін жалғап келе жатқан білім ошағы қоқытудың жаңа технологиялық әдістерін қолдану арқылы жаңа белестерге бет түзеді. Ендігі кезекте білім сапасын жетілдірудің жаңа бағыты бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілмек.

**Айнур САДЫРБАЕВА,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұнайгаз ісі» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты.**

**Вера БОНДАРЕНКО,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұнайгаз ісі» кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты.**